

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесі мемлекет басшылары деңгейіндегі мәжілісін және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 175-ө өкімі

2004 жылғы 18 маусымда Астана қаласында Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесі мемлекет басшылары деңгейіндегі (бұдан әрі - мәжілісі) мәжілісін және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің (бұдан әрі - сессия) сессиясын дайындау және өткізу үшін:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2004 жылғы 18 маусымда Астана қаласында мәжіліс пен сессияны дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Украина (бұдан әрі - делегациялар) ресми делегацияларының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен мәжіліс пен сессияны өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) делегациялар мүшелерінің Астана қаласындағы әуежайда тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақтарды күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, делегациялар арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі мәжіліс пен сессияның бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі делегацияларды күтіп алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, Астана қаласының әуежайы мен көшелерінің безендірілуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында делегациялардың басшыларын күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатысын, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Мына делегацияларға: Армения Республикасына - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі; Беларусь Республикасына - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі; Қырғыз Республикасына - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі; Ресей Федерациясына - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.Есімов; Тәжікстан Республикасына - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі бекітілсін.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 5 маусымдағы

№ 1 7 5 ө к і м і н е

қосымша

Делегациялар мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Мәжіліс: (1+7) пен сессияға (1+7) қатысатын делегациялар мүшелерін Астана қаласында орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін делегациялар басшылары орналасқан жерлерге орналастыру.

3. Мәжілісті, сессияны және екі жақты кездесулерді өткізуге арналған залдарды ж а л ғ а а л у .

4. Баспа өнімдерін (бейджер, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) әзірлеу.

5. Делегациялардың басшылары мен мүшелері үшін сыйлықтар және кәдесыйлар с а т ы п а л у .

6. Делегацияларды Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу

кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

7. Делегациялардың құрметіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан ресми қабылдау ұйымдастыру.

8. Делегациялар мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК